

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ТӘН ҰЛТТЫҚ СИПАТТАР

*Шакина А.Ш.*

*Ұлытау обылысы «Сәтбаев қаласының білім бөлімі»*

*ММ әдіскер, магистр*

*Қазақстан*

Бүгінгі таңда талапқа және жаңа бағдарламаға сай сапалы білім мен тәрбие беру ұлттық құндылықпен тікелей байланысты. Ұлттық тәрбие – қазақтың ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетінде де, салт-дәстүрінде де, күнделікті өмір қағидаларында да, мәдениетінде де байырғы заманнан тұнып, толып тұр. Тек біз оны заманымызды техника билегеннен бастап жоғалта бастадық. Сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығымызды болашақта ел билейтін, сауатты ұрпағымызға өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет.

Ұлттық тәрбие беру үшін:

- білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухты дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қалыптастыру;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру [1].

Халқымыздың бүкіл рухани әлемінен, тәрбиелік ой-пікірлері тарихының аса көрнекті ағартушы, қоғам қайраткері, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың есімінің алар орны ерекше. Ахмет Байтұрсынов - өз дәуірінің әдеби - мәдени өмірінде өшпес із қалдырған, туған әдебиетіміздің биік тұлғасы тұғырына көтерілген ұлы педагог, ұлағатты ұстаз, ақын-жазушы. Бір жарым ғасыр өтсе де өз маңызын жоймаған Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерінде ұлттық тәрбие жан-жақты қаралып, айтылған. Іздеп, зерделер болсақ ұлттық тәрбиені Ахмет Байтұрсынов ашып та айтады, жасырып та қояды. Ахмет есімі – күллі қазақ еліне есімі мәшһүр, үлкен тұлға. Әр еңбегі, шығармашылығы, өлеңі – тәрбиенің алтын діңгегі. Бар саналы ғұмырын туған халқын өнер мен білімге, өркендеу мен мәдениетке шақыруға арнаған, және сол жолды көрсеткен заңғар тұлғаның еңбектері – мәңгі өшпейтін мұра.

Ахмет Байтұрсынов-өзінің бүкіл жарқын талантын, күш жігерін, халқына еліне, әсіресе, жас ұрпақтың тәрбиесіне жұмсаған қаламгер. Оның әдеби шығармалары қазақ әдебиетінің қалыптасып дамуына, ал-оқу саласындағы көзқарастары- оқулықтарымен оқу құралдары-төлтума мектеп оқулықтарын жасау өндірісіне орасан зор ықпал етті. Қазіргі таңда білім саласының қызметкерлері, ұстаздар, тәрбиешілер оқу- тәрбие ісіне ұлттық сипат беруге, оны бүгінгі күн талабына орай барынша мазмұнды жүргізуге күш салуда. Білім беру туралы Заңда: «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр- салтын оқып үйрету үшін жағдайлар жасау - негізгі міндеттердің бірі» делінген.

Көне тарихымызға көз жүгіртер болсақ, ұрпақ тәрбиесіне ежелден таңғажайып ғибратнамаға толы ауыз әдебиетінің, бесік жырларының, қисса-дастандардың, шешендік сөздердің, ұлттық рәсімдердің ықпалы аз болмаған. Осылайша бала кішкентай кезінен бастап ғылымның әр саласынан мол мағлұмат алып, ибалы, инабатты, елгезек, ұлтжанды болып өскен. Тоқырау кезеңінің сыныбынан сүрінбей өткен халықтық тәрбие, қазір жаңарып, жаңғырып, бізге толыққанды боп жеткен баға жетпес бай қазына. Онда халқымыздың ұлттық қадір-қасиеті көрініс тапқан.

«Адам тағдырын тәрбие шешеді, тәрбие құралы - сөз» деп ақын *Олжас Сүлейменов*, жазған, шәкірттерімізді ұлттық тәрбие тағылымдарымен мол сусындатып, ХХІ ғасырдың білімдар да, салауатты, елгезек жандарын тәрбиелеуге бар күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Тәрбие табалдырықтан басталады демекші, біздің бабаларымыз кезінде баласын немесе немерелерін қазыналы қарттар отырған жерлерге апарып, жүріс-тұрысты үйренуге, аңыз-әңгімелерді естіруге, одан тәлім алуға баулып келген. Үлкенді қадір тұтып, ерекше сыйлап өткен қазақ ауылының өмірінде қарттарға деген ықылас, ілтипат, сый-құрмет ерекше болған. Көпті көрген қариялар отбасында оқушылық, тәрбиелік қызмет атқарған, үлкенді сыйлау, құрметтеу, солардан жақсылықты, ізеттілікті үйренуге баулып отырған. Қазіргі таңда сый-сияпат, ізгілік дегенді жас жеткіншекке үйрету маңызды мәселелердің бірі деп ойлаймын.

«Қазақ салты», «Қазақ қалпы», Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» сияқты өлеңдердің мазмұны осыны танытады. Бүгінгі таңдағы жоғала бастаған ұлттық құндылығымызды сол кездегі «Қазақ қалпы» өлеңінен аңғарсақ болады. Ақын заманындағы бозбаладан бастап кәрі шалға дейінгі жандардың құр босқа ішіп-жеп уақыт өткізіп жатқанын, тойған тамағына мәз болғанын күйіне жеткізеді. Есептесіп қалған байды да назарға алып, осыншама жиған-терген білімнен не пайда, егер оны тиісті жеріне жұмсап, пайдалы әрекетке жұмсамасаң, рухани баю мен өркендеудің жоқтығын айтып шырылдайды.

Алаштың адамының бәрі мәлім:

Кім қалды таразыға тартылмаған?

Дегендер «мен жақсымын» толып жатыр, Жақсылық өз басынан артылмаған.

Тақылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп,

Екпіндеп, ұшқыр атша қарқындаған.

Бос белбеу, босаң туған бозбала кеп

Киіздей шала басып, қарпылмаған.

Еңкендеп ет аңдыған шалдар да көп,

Телміріп, бір тойғанын ар қылмаған.

Ақ көңіл, алаң-бұлаң адамдар бар

Есептеп азын көпке, аңқылдаған.

Қайырсыз, неше сараң байлар да бар

Қайықтай толқындағы қалтылдаған.

Бәрінен тыныш ұйықтап жатқандар көп,

Ұмтылып талап ойлап талпынбаған.

Солардың қатарында біз де жүрміз

Мәз болып құр түймеге жарқылдаған.

Не пайда өнерін мен біліміңнен,

Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған? [2].

«Қазақ қалпы» өлеңінде айтылған ойдың жалғасы іспеттес, «Қазақ салты» өлеңінде де ақын ойын жалғастырады. Саңылаусыз, мүшкіл халде жүргенді айтады.

Кіреді тентек есі түстен кейін,

Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.

Әлі де, саңылаусыз салтын бағып,

Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік.

«Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? –

Деп отыр, - не болса да жұртпен көрдік» [2].

«Адамдық диқаншысы» өлеңінде де ақынның өз халқына жаны ашитындығы, мақсаты анық көрініп тұр.

Адамдық диқаншысы қырға шықтым,

Көлі жоқ, көгалы жоқ құрға шықтым.

Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,

Көңілін көгертуге құл халықтың.

Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,  
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің,  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзіңді, оянып.  
Қанған жоқ па әлі ұйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?! [2]

Міне, қазаққа сол кезде Ахмет «Маса» болып ызыңдады. Ұйқыда жатқан халқына тұр-тұрлаған ақын бар адамгершілік қасиеттерді, адами қағидаларды өз шығармашылығы арқылы жеткізді.

Ұлттық тәрбие – ол үлкенді сыйлау, кішіге құрметпен қарау, бойында елін, жерін сүюге деген патриоттық сезімі бар, қазақи салт-дәстүрін ұстану, т.б. Ахметтің «Ұлт ұстазы» атануы жайдан-жай емес. Мұхтар Әуезов бағалағандай «тарих ұмытпас істер» екені ақиқат. Ақын мысалдары арқылы жаман қасиеттердің ара-жігін ажыратып беріп, жақсы қасиеттер түбінде жеңетінін, жақсы адамның жетістікке жететінін оқушысына ашық айтады. «Ат пен есек» өлеңінде ат есекке дер кезінде көмектеспей, кейін өзі бар жүгін арқалап келе жатқандағы сөзі ой саларлық:

Қайырдың ең абзалы бұл дүниеде,  
Біреуге қысылғанда жәрдем бермек.  
Кейбіреу зор бейнетке тап болады,

Кей уақыт аз бейнеттен қашамын деп, – өз тыңдарманына ақын бейнеттен қашпай, еңбекпен өмір сүр деп айтуда, бір-біріне жәрдемші болындар деп дабыл қағуда! Ақын бұл сияқты ғибратқа толы ойын барлық шығармасында түйіндеп отырып қамтыған. «Бұлбұл мен есек», «Айна мен маймыл», «Қартайған арыстан», «Қаптесер мен көртышқан», «Өзен мен Қарасу», «Алтын этеш», «Шал мен ажал», «Түлкі мен қарашекпен», «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Кісі мен аю», «Маймыл мен көзілдірік», «Сары шымшық», «Қайыршы мен Қадыр» т.б. «Қырық мысалында» өзін түзеуге талпынсаң, өзгені түзейсің, өзге түзелсе қоғам түзеледі. Қоғам бұл- ұлтымыз, халқымыз, еліміз» деген үлкен даналық идеяға алып келеді. Ұлттық ой қалыптасып, ұлттық тәрбие берілген елдің ертеңі жарқын, болашағы зор болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы // <https://melimde.com/masati-ltti-sana-sezimi-aliptasan-ltti-mddeni-orkendeuine-les.html?page=2>
2. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I. – 384 б. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ісімақова А.С., Пірәлі Г.Ж., Сәкенов С.Б., Мұстафаева К. Жауапты редактор: Ісімақова А.С. Жауапты шығарушылар: Имаханбет Р.С., Ойсылбай А.Т.